

Ақпан, 2022ж.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021 жылы БҰҰ Жаһандық шарты шеңберінде қол жеткізген прогресі туралы хабарлама

«Самұрық-Энерго» АҚ

Эл. пошта: info@samruk-energy.kz

Веб-сайт: www.samruk-energy.kz



МАЗМҰНЫ

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ БҰҰ ЖАҒАҢДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАФИДАТТАРЫН ҰСТАНАТЫҢДЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ	4
«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМАПНИЯЛАР ТОБЫ ТУРАЛЫ	5
«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКТИВТЕР КАРТАСЫ.....	7
«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚАФИДАТТАРЫ.....	8
«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ.....	9
«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БЕЙІНІ.....	10
«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ	12
БҰҰ ЖАҒАҢДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАФИДАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ.....	16
ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ.....	20
ҚОРШАҒАН ОРТА.....	24
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ.....	28

«Самұрық-Энерго» АҚ

Эл. пошта: info@samruk-energy.kz
Веб-сайт: www.samruk-energy.kz

Тел.: +7(7172) 55-30-20
Мекенжайы: 010000, Нұр-
Сұлтан қ., Қабанбай батыр
даңғ., 15А, Б блогы, «Q» бизнес
орталығы



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ БҰҰ ЖАҢАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНАТЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ



«Самұрық-Энерго» АҚ 2011 жылғы 6 қазаннан БҰҰ Жаһандық шартына қосылды

«Самұрық-Энерго» АҚ бизнестің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігін сезінеді және мүдделі тараптардың мүдделері мен Компанияның стратегиялық міндеттері арасындағы оңтайлы теңгерімді сақтай отырып, стратегияға, корпоративтік мәдениетке және өзінің күнделікті қызметіне орнықты даму қағидаттары мен мақсаттарын кіріктіру арқылы Компания қызметкерлерінің, Компания мен жалпы Қоғам қызмет көрсететін өңірлердегі халықтың өміріне жауапты қатысу бойынша ерікті міндеттемелер қабылдайды.

Есепті кезеңде «Самұрық-Энерго» АҚ энергетиканың болашағының бейнесін іс жүзінде қалыптастыратын өте маңызды жобалардың бірқатарын аяқтап та, бастап та үлгерді.

2021 жылы Компания «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын жаңартты. Компания басымдық ретінде ұзақ мерзімді перспективада өндірістік қызметтің орнықты даму қағидаттарына

сәйкестігін, орнықты даму және экономикалық құнды құру үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз етуді айқындайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ны дамытудың негізгі басым бағыттары «Самұрық-Энерго» АҚ экономикасын көміртексіздендіру, оның ішінде ЖЭК пен СЭС-те электр энергиясын өндіру үлесін ұлғайту, ЖЭК-ті пайдалана отырып, жобаларды іске асыру, таза технологияларды қолдауды жандандыру, экологиялық және экономикалық көзқарас тұрғысынан үздік технологияларды іздеу мен енгізуді қамтитын экологиялық орнықтылықты қамтамасыз ету: гендерлік теңдік қағидаттарын ілгерілету, әлеуметтік тұрақтылықты, қорғалуды қамтамасыз ету және т.б. болып табылады¹.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021 жылы қол жеткізген прогресі туралы БҰҰ Жаһандық шарты шеңберіндегі осы хабарлама БҰҰ Жаһандық шартына тұрақты қолдау көрсету туралы мәлімдеме болып табылады және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның өз жұмысында Жаһандық шарттың адам құқықтарын сақтау, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он қағидатын басшылыққа алуға дайындығын растайды, сондай-ақ біздің осы маңызды қағидаттарды Компания қызметінің барлық аспектілеріне біріктіру үшін жұмсайтын күш-жігерімізді көрсетеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ әрі қарай да Компанияның орнықты даму саласындағы жетістіктері туралы барлық мүдделі тараптарды үнемі хабардар етіп отыруға ниетті.

**Басқарма Төрағасы
Есімханов Сұңғат Қуатұлы**

1 – Даму стратегиясымен мына сілтеме бойынша толығырақ танысуға болады: <https://www.samruk-energy.kz/ru/company/development-strategy>

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ТУРАЛЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ – жұмыс істеп тұрған өндіруші қуаттарды жаңғырту және жаңаларын енгізу бойынша ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында құрылған активтерді басқару жөніндегі холдинг. Компания Қазақстанның ұлттық энергия жүйесіндегі негізгі элемент ретінде ел экономикасында стратегиялық жүйе құраушы мәнге ие.

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің негізгі түрлері Қазақстан Республикасындағы энергетикалық активтерді басқару, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған қуаттарды жаңғыртуға және жаңа өндіруші қуаттарды салуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының энергетикасына жаңа технологияларды енгізу болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның есепті кезеңдегі аса маңызды оқиғаларының бірі 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының бекітілуі болды.

ПАЙЫМДАУ

Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігі жоғары, технологиялары озық тиімді операциялық энергетикалық компания – Қазақстан энергетикасының көшбасшысы

МИССИЯ

Орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, акционерлер үшін құн жасау, энергия ресурстарын сенімді жеткізу, жоғары технологиялық даму, экологиялық арқылы өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

- 1) «Жасыл» экономикаға көшу*
- 2) Қатысу нарықтарында энергия ресурстарының сенімді бәсекеге қабілетті жеткізілімін қамтамасыз ету*
- 3) Акционерлік капиталдың құнын арттыру*

НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР


- 1) Орнықты даму*
- 2) Жауапты инвестициялар*
- 3) Портфельді тиімді және белсенді басқару*

Компания стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді орнықты даму, жауапты инвестициялар және портфельді тиімді әрі белсенді басқару бойынша белгілі бір негізгі басымдықтар әсері арқылы қамтамасыз етуге ниетті. Стратегиялық мақсаттарды іске асыру тәсілдері ретінде басымдықтарға назар аудару сыртқы және ішкі сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге сай келетін құралдар мен тетіктерді қолдануға, сондай-ақ қолда бар ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.



Стратегиялық мақсаттар		Орнықты даму	Жауапты инвестициялар	Портфельді тиімді басқару
	<i>Таза көміртегі ізін азайту</i>	1. Экологиялық жауапкершілік 5. Көміртексіздендіру	2. ҒЗТҚЖ 3. Жасыл қаржыландыру 19. Жаңа шектерге шығу	4. Ресурстарды үнемдеу
	<i>Өнімділікті ұлғайту</i>	6. Адам капиталын дамыту 7. Әлеуметтік жауапкершілік 15. Озық HSE тәжірибесі	11. Жабдықтарды жаңғырту 12. Инновациялық даму	8. Ішкі және сыртқы нарықтарда электр энергиясын сатуды ұлғайту 9. Ішкі және сыртқы нарықтарда көмір сатуды ұлғайту 10. Жұмыс істеп тұрған қуаттардың операциялық тиімділігін арттыру 13. Цифрландыру 14. Бизнес-процестерді жетілдіру
	<i>Таза активтердің құнын арттыру</i>	16. Қаржылық Тұрақтылықты арттыру 18. Корпоративтік басқару	17. Инвестициялық жобаларды іске асыру	18. Корпоративтік басқару

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКТИВТЕР КАРТАСЫ





Компания
туралы



2018–2028 жылдарға арналған
Даму стратегиясы



Электр энергиясы мен көмір
нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-
экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті
басқару

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

— КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК



Компания қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі – табысты қызмет кепілі. Сондықтан Компания әрбір қызметкердің жеке әрі кәсіби тұрғыда дамуына тең мүмкіндік бере отырып, қолайлы жұмыс жайы мен әрбір маманның өз әлеуетін іске асыруы үшін барлық қажетті жағдайды жасауға ұмтылады. Әрбір қызметкер Компания тарапынан ұсынылған мүмкіндіктерді пайдалана отырып және өз бетінше кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға тырысады.

— ТӘУЕКЕЛГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАҒДАР



Біз корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненті ретінде тәуекелдерді басқару маңыздылығын түсініп, Компанияның құны мен беделіне теріс ықпал етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін дер кезінде анықтауға және төмендетуге бағытталған қажетті шараларды жүзеге асырамыз.

— КОМПЛАЕНС



Ереже-қағидаттарды бұлжытпай орындау ортақ мақсат, ортақ мінез-құлық мәдениеті мен дәстүрлер негізінде біріккен кәсіби мамандар командасы ретінде қала беруімізге, сондай-ақ Компанияның өз ішінде де, іскери серіктестермен және клиенттер арасында да тиісті деңгейдегі өзара түсінушілікті сақтауға ықпал етеді.

— ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



Біз өндірістік қызметімізді қоршаған ортаны қорғай отырып және бірлесе әрекет ететін қауымдастықты құрметтей отырып жүргізуге тырысамыз. Біздің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және жалпы қауіпсіздік саласындағы мақсатымыз – жазатайым оқиғаларды болдырмау, денсаулыққа және қоршаған ортаға зиян келтірмеу.

— ҚАУІПСІЗДІК



Біз әлемді қуатпен қамтамасыз етуде қауіпсіз әдіс-тәсілдерді пайдалануға тырысамыз.

— ТРАНСПАРЕНТТІЛІК



Біз кездесулерге, талқылаулар мен ашық пікірталасқа дайынбыз, мүдделі тұлғалармен өз мақсат-мүдделерімізді ескере отырып және Компания мен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен олардың мақсат-міндеттері арасындағы балансты сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға талпынамыз.



Сатып алуды
басқару



Корпоративтік
басқару



Орнықты
даму



Қосымшалар



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



ҚАМҚОРЛЫҚ QAMQORLYQ НАСТАВНИЧЕСТВО



- Біз әрқашан көмекке келуге және қолдау көрсетуге дайынбыз
- Біз әріптестерімізбен және серік-тестермен сенімді қарым-қатынас жасау үшін ашық әрекет етеміз
- Біз тәлімгерлікке, тәжірибені сақтауға және беруге дайынбыз



АДАЛДЫҚ ADALDYQ СПРАВЕДЛИВОСТЬ



- Кез келген мәселелерді шешуде біз жағдайды объективті бағалаймыз және әділ әрекет етеміз
- Біз тең талаптарды қолданамыз және тең мүмкіндіктер береміз
- Біз өз ой-пікірлеріңізді айтуға және естуге мүмкіндік бере отырып, басқалардың пікірін бағалаймыз



УӘДЕГЕ БЕРІКТІК ЎАДЕГЕ BERIKTIK НАДЕЖНОСТЬ



- Біз үздіксіз және сапалы жұмыс үшін жауапты боламыз
- Біз болашақ ұрпақ алдында жауап береміз және қоршаған орта мен экологияға ұқыпты қараймыз
- Біз барлық жерде қауіпсіз, жайлы және бәсекеге қабілетті еңбек жағдайларын жасау үшін жауапты боламыз
- Біз қабылданған міндеттемелерге адалбыз



ТӘЖІРИБЕ TÁJIRIBE ПРОФЕССИОНАЛИЗМ



- Біз қойылған міндеттерге адал қараймыз және жұмыстан ләззат аламыз
- Біз өз ісінің кәсіпқойларымыз, өзін-өзі жетілдіреміз және нәтижеге қол жеткіземіз
- Тиімділікті арттыру үшін біз әртүрлі көзқарастарды іздейміз және әртүрлі әдістерді қолданамыз
- Адам ресурстарын басқару Компания қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Кадр саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БЕЙІНІ

Көмір өндіру

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасы бойынша барлық көмір өндіру көлемінің шамамен 40%-ын өндіреді. Көмір Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының электр станцияларына, сондай-ақ өңірдің коммуналдық кәсіпорындарына жеткізіледі.

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ көмір өндіру көлемі 44,6 млн.тоннаны құрады.

Электр энергиясын өндіру

Компаниялар тобы Қазақстан Республикасында өндірілген электр энергиясының жалпы көлемінің 31,1%-ын өндірді. 2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның электр энергиясын өндіру көлемі 35 609,3 млн.кВт*сағ немесе 2020 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 113,5%-ды құрады.

Жаңартылатын энергия көздері

«Самұрық-Энерго» АҚ құрамына электр энергиясын өндіретін нысандар – жел және күн электр станциялары кіреді.

Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерінің электр энергиясын өндірудегі Компанияның үлесі жалпы өндіру көлемінің 7,8%-ын құрайды.

2021 жылы Компанияның жаңартылатын энергия көздері 325,3 млн.кВтс электр энергиясын өндірді.

Электр энергиясын беру, тарату

Электр энергиясын беру және тарату негізінен магистральдық желілер мен өңірлік энергетикалық компаниялар желілері арқылы жүзеге асырылады. 2021 жылы электр энергиясын беру көлемі 7 598,7 млн.кВтс құрады.

Көтерме сату

Электр энергиясын көтерме сату нарығына ұлттық маңызы бар өндіруші компаниялар, сондай-ақ ірі тұтынушылар қатысады.

2021 жылы сатып алушыларға электр энергиясын өткізу көлемі 34,6 млрд.кВтс құрады. Бұл ретте, ішкі нарыққа өсім 2020 жылмен салыстырғанда 16%-ды құрады.

Бөлшек

2021 жылы электр энергиясын босату көлемі 6723,8 млн. кВт * сағ құрады немесе 2020 жылмен салыстырғанда 11% - ға өсті.

Экспорт

2021 жылы Өзбекстан Республикасына 592 млн. кВт сағ экспортталды. Сондай-ақ Ресей Федерациясына 9,8 млн.тонна көмір экспортталды.



Компанияның қызметі туралы толық ақпаратпен мына сайтта танысуға болады:

www.samruk-energy.kz

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

«Самұрық-Энерго» АҚ ОДМ-ның әрқайсысы көрініс табатын экологиялық және әлеуметтік мәселелер өзекті болып табылатынын және кез келген ұйымға әсер ететінін сезіне отырып, Орнықты дамудың 17 мақсатын қолдайтынын мәлімдейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінде БҰҰ-ның мынадай орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосуға ұмтылады:

1-мақсат: Кедейліктің барлық түрлерін кеңінен жою

2-мақсат: Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға ықпал ету



БҰҰ мәліметтері бойынша, бүкіл әлемде мейлінше кедейлік жағдайында өмір сүретін адамдардың саны 1990 жылғы 36%-дан 2015 жылы 10%-ға дейін төмендеді, COVID-19-ға байланысты дағдарыс кедейлікпен күресте ондаған жылдарға дейін ілгерілеудің болмау қаупін тудырады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы жұмыс орындарын сақтауға және жалақыны индекскеуіне ұмтылады (2021 жылдың нәтижелері бойынша индекскеу орташа 5%-ды құрады). 2021 жылы Қоғамның компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің орташа жалақысы ұқсас көрсеткішке қатысты 14% - ға өсті.

Компания жергілікті халықтың шаруашылықтарын тұрақты жүргізу мүмкіндігі үшін өзінің барлық қатысу өңірлерін, оның ішінде шалғай аудандар мен елді мекендерді энергиямен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз етуге ұмтылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ әлеуметтік-жауапты компания бола отырып, еншілес ұйымдары орналасқан өңірлердің әлеуметтік әл-ауқатына назар аударуға ұмтылады. Компания еншілес және тәуелді ұйымдар орналасқан өңірлерде қайырымдылық бағдарламаларын іске асыру және қолдау алу мүмкіндігі мәселелері бойынша «SK-Trust» корпоративтік қорымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

Компания әлеуметтік сипаттағы өзекті мәселелерді анықтау бойынша жұмыс жасады, жұмыс нәтижелері бойынша әлеуметтік көмек алу үшін «SK-Trust» КҚ-ға өтінімдер жіберілді. Атап айтқанда, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес ұйымдары («АлЭС» АҚ, «Samruk-Green Energy» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «БЖЭС» ЖШС) жергілікті атқарушы органдармен белсенді жұмыс жүргізу нәтижесінде қатысу өңірлеріндегі өткір әлеуметтік мәселелердің тізімін, сондай-ақ осы мәселелерді шешу шеңберінде жобаларға бастамашылық жасауға және іске асыруға қабілетті коммерциялық емес ұйымдардың тізімін анықтады.

Жыл сайын Компания мүгедектерге, тұрмысы төмен азаматтарға, зейнеткерлерге, онкологиялық науқастарға көмек көрсету бойынша бірқатар әлеуметтік бастамаларды жүзеге асырады.

4-мақсат: барлығын қамтитын әрі әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығына өмір бойы білім алу мүмкіндігін көтермелеу



Электр энергетикасының ерекшелігі жұмысқа жіберу және жоғары кәсіби деңгейді қолдау үшін кадрларды үнемі үздіксіз даярлауды және қайта даярлауды талап етеді. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерді тұрақты дамытуға

және оқытуға ұмтылады. Қызметкерлерді оқыту мен дамыту жабдықтың және тұтастай алғанда, компанияның үнемді, апатсыз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуде табысқа жетудің негізгі факторы болып табылады. «Самұрық-Энерго» АҚ жетекші отандық жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс істейді, оқытудағы басым бағыттардың бірі халықаралық танылған оқыту бағдарламалары бойынша қызметкердің сертификат алуы болып қала береді.

5-мақсат: Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

10-мақсат: елдер мен олардың арасындағы теңсіздікті азайту



Гендерлік теңдік - адамның негізгі құқықтарының бірі, ол бейбітшілікке, өркендеуге және орнықты дамуға қол жеткізу үшін қажетті негіз. «Самұрық-Энерго» АҚ «БҰҰ – әйелдер» әріптестігі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шарты шеңберінде әзірленген әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудің 7 қағидатын қолдайды. Бұл құжат орнықты дамудың негізгі элементі ретінде гендерлік теңдік қағидаттарына бейілділікті, сондай-ақ әйелдер мен еркектерге тең мүмкіндіктер беретін компаниялардың неғұрлым табысты әрі үздік нәтижелерге қол жеткізетініне сенімділікті болжайды. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Компанияда іс-шаралар жоспары қабылданды. Теңсіздікті қысқарту және ешкімді де назардан тыс қалдырмауды қамтамасыз ету орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

7-мақсат: Барлығы үшін арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жалпы қол жетімділікті қамтамасыз ету



Компания «таза» энергияны (ЖЭК-ті) дамытуға баса назар аудара отырып, энергияның барынша тұрақты және көпшілікке қол жетімді болуы үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 2021 жылы 35,6 млрд.кВтс-ны құрады. 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ (КЭС, ЖЭС, шағын СЭС) ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруі 325,3 млн.кВтс-ны құрады.

8-мақсат: Үдемелі, барлығын қамтитын және тұрақты экономикалық өсуге, толық әрі өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмысқа жәрдемдесу



«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының ірі жұмыс берушілерінің қатарына кіреді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы персоналының тізімдік саны 16 826 адамды құрады

Есепті кезеңде толық жұмыспен қамтылған қызметкерлердің үлесі 100%-ды құрады. Әйелдердің ең төменгі жалақысының ерлердің ең төменгі жалақысына арақатынасы 100%-ды құрайды.

9-мақсат: Мықты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу



Жан-жақты қамтылған және тұрақты индустрияландыру инновациялармен қатар жаңа технологияларды енгізу мен ілгерілетуде, халықаралық саудаға жәрдемдесуде және ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. «Самұрық-Энерго» АҚ-да мынадай бірқатар жобалар жүзеге асырылуда:

«Жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеуді енгізу» жобасы

Жобаның мақсаттарының бірі Қазақстан Республикасында энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Жоба 2021 жылы жүзеге асырылды. Бұл жоба «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мен «Мойнақ СЭС» АҚ станцияларында автоматтандыру деңгейін арттыруға, сондай-ақ электр қуатын реттеу бойынша қызметтерден қосымша табыс алуға мүмкіндік берді.

«Деректерді талдау жасау арқылы коммерциялық шығындарды талдау» жобасы.

Жобаның мақсаты – «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ желілеріндегі шығындарды нормативтік шамаларға дейін жеткізу, сондай-ақ желілердегі коммерциялық шығындарды анықтау. Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға өндірістік жүйелердің деректерін талдау есебінен қол жеткізу жоспарланып отыр.

16-мақсат: Орнықты даму мүддесінде бейбітсүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру



Компания іскерлік әдет-ғұрыптарға және қандай да бір юрисдикцияда бизнесті жүргізудің басқа да шарттарына тәуелсіз бизнес-этиканың, ашықтық пен заңдылықтың жоғары стандарттарын ұстанады.

17-мақсат: Орнықты даму мүддесінде Жаһандық әріптестік шеңберінде жұмысты іске асыру құралдарын нығайту және жандандыру



Компания өз қызметі шеңберінде мынадай ұлттық және халықаралық ұйымдардың, қауымдастықтардың/ұйымдардың мүшесі болып табылады:



ТМД Электр энергетикалық кеңесі (бұдан әрі - ТМД ЭЭК). 2012 жылдан бастап бақылаушы. ТМД ЭЭК-ге мүшелік ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерін біріктіру процестеріне қатысуға, оның ішінде ұжымдық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; энергия жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз етуге; ортақ электр энергетикалық нарық құруға, энергетика саласындағы халықаралық шарттарды дайындауға қатысуға; техникалық қағидаларға, электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді біріздендіруге және үйлестіруге және т. б. мүмкіндік береді.



Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы (бұдан әрі-ҚЭҚ). 2011 жылдан бастап мүше. ҚЭҚ-қа мүшелік ақпарат алмасуға және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру мен дамытуға, сондай-ақ конференцияларға, семинарларға және басқа да іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді.



KAZENERGY қауымдастығы. 2009 жылдан бастап Қауымдастық мүшесі. KAZENERGY-ге мүшелік ҚР инвестициялық климатын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бастамалар мен іс-шараларға, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру бойынша шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысуға, сондай-ақ құқықтық, экономикалық және ұйымдық-басқару мәселелері бойынша көмек алуға мүмкіндік береді.



Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі - ҚР ҰКП). 2013 жылдан бастап ҚР ҰКП-ға мүше. ҚР ҰКП-ға мүшелік кәсіпкерлік ортамен байланысты нығайтуға, электр энергетикалық бизнесті тиімді дамытуға, оның ішінде ҚР заңнамалық базасын жетілдіру аясында ықпал етеді.



БҰҰ Жаһандық шарты.

2011 жылдан бастап мүше. БҰҰ Жаһандық шартына қосылу шеңберінде Компания өзінің стратегиясы мен күнделікті қызметінде Жаһандық шарттың он қағидатын ұстануға бейілділігі туралы мәлімдейді.

Компания 2021 жылы мынадай бағыттарда орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыру арқылы өз қызметіне орнықты даму қағидаттарын кіріктіруді жалғастырады:

Этика

жоғары этикалық стандарттарды енгізу және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті құру

ОД қағидаттарын енгізу

орнықты даму қағидаттарын енгізу және барлық инвестициялық сатыларда жобалық басқару тәжірибесіне тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану: әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салаларға әсерді бағалау және басқару (мәжбүрлеп қоныс аударту, биоалуантүрлілік, мәдени мұра және т. б.)

«Орнықты даму саласындағы Бастамалар жоспарын орындау бойынша есеп Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған: <https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability>»



Қаржы

қаржылық тұрақтылықты арттыру

Жауапты сатып алулар

адал және еркін бәсекелестік, өзара тиімділік, ашықтық және мойнына алған міндеттемелері үшін толық жауапкершілік қағидаттарына негізделген жауапты сатып алуға жәрдемдесу, сондай-ақ өнім берушілердің этикалық нормаларды және Компания өнім берушілері үшін басқару қағидаттарын сақтауы бойынша талаптарды енгізу

Қауіпсіздік

қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесіне тарту және халықаралық стандарттарды пайдалана отырып, еңбекті қорғауды басқару жүйесін бақылаудың тиімділігін арттыру арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру

Әлеуметтік жауапкершілік

әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыру, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстану, адами капиталға инвестиция салу

Экологиялық тұрақтылық экологиялық және экономикалық тұрғыдан үздік технологияларды іздеу мен енгізуді, өндірістік процестерді оңтайландыруды, ЖЭК-ті пайдалана отырып жобаларды іске асыруды, ықтимал авариялық жағдайларды анықтауды және олардың алдын алуды қамтитын экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету

БҰҰ ЖАҢАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Адам құқықтары

1-қағидат: Іскерлік орта халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қолдап, құрметтеуі тиіс.

2-қағидат: Іскерлік ортаның адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының адам құқықтарын қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына негіздей отырып, Компания адам құқықтары мен бостандықтарын мойындайды, кепілдік береді және сақталуын қамтамасыз етеді. «Самұрық-Энерго» АҚ адам құқықтарын бұзатын немесе жанама түрде осындай бұзушылықтардың себебі болуы мүмкін әрекеттерді қабылдамайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ бірігу бостандығын, ұжымдық шарттарды жасасу құқығын тануды, еңбек құқықтарын, қолайлы қоршаған ортаға құқықты, денсаулық сақтау құқығын қоса алғанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы, 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және 1966 жылғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт жария еткен адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының маңыздылығын және құндылығын мойындайды.

Адам құқықтарын сақтау саласындағы қағидаттар «Самұрық-Энерго» АҚ Мінез-құлық кодексінде көрсетілген, ол «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің атқаратын лауазымына қарамастан қызметі сәйкес келуі тиіс жоғары кәсіби және этикалық стандарттарды белгілейді. Адам құқықтары Мінез-құлық кодексінде бекітілген жалдау мен еңбек ету жағдайларының тең болуы нормаларымен, кемсітушілік пен қысым көрсетуге тыйым салумен қамтамасыз етіледі. Кодекстің нормалары мен ережелерін орындау Компанияның барлық қызметкерлері, Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелері және бізбен жұмыс істейтін үшінші тұлғалар үшін міндетті.

Мінез-құлық кодексімен мына сілтеме бойынша танысуға болады:
<https://www.samruk-energy.kz/ru/corporate-governance/corporate documents#2>.

Кодекстің мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның корпоративтік өмірі мен іскерлік қарым-қатынасы барлық мүдделі тұлғалармен құндылықтардың ортақтығымен сипатталуында болып табылады.

Сондықтан өз өнім берушілерімен және мердігерлерімен өзара іс-қимыл аясында Компания денсаулық сақтау мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті қоса алғанда, еңбек заңнамасының сақталуын талап етеді. Тиісті талаптар «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша үлгілік шарттарға енгізілген.

Мінез-құлық кодексінде көрініс тапқан «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік құндылықтарын ұстану Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге және миссиясын орындауына ықпал етеді.

Компанияда 2018 – 2028 жылдарға арналған кадр саясаты қолданылады, соған сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ оқыту және даму бағдарламаларына қол жеткізуде, мансаптық өсу кезінде тең құқықтар мен Компания тобының кәсіпорындарына жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін береді.

Компания өзінің барлық қызметкерлерін жұмыс үшін ең жақсы перспективалармен қамтамасыз ету саясатын ұстанады. Сондықтан Компания өзінің кәсіби қабілеттерін дамыту және дағдыларын жетілдіру үшін Компанияда жұмыс істейтіндердің барлығына тең мүмкіндіктер ұсынады. Компания жан-жақты жұмыс тәжірибесі бар және талантты мамандарды өсіре отырып, қызметкерлерді іріктеу мен қызмет бабында жоғарылатудың әділ рәсімін жасады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның кадр саясаты Компанияның веб-сайтында мына сілтеме бойынша ұсынылды: <https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/sustainabledevelopment#tab18>

Компаниядағы негізгі құжаттардың бірі Орнықты даму саласындағы нұсқаулық болып табылады, ол адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді реттейді. Құжат Компанияның өз қызметінің шеңберінде ғана емес, сонымен бірге «Самұрық-Энерго» АҚ-мен жұмыс істейтін үшінші тұлғаларға қатысты халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қолдауға қатысты Компанияның ұстанымын білдіреді.

Этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстанатын, оның қызметінің кез-келген саласы адам құқықтарының бұзылуына тікелей немесе жанама ықпал етпеуін қамтамасыз етуге жауапты Компания бола отырып, Өнім берушілермен қарым-қатынасты нығайту мақсатында Компания Өнім берушілер үшін басшылыққа алатын қағидаттарды әзірледі. Өнім берушілердің басшылыққа алатын қағидаттары корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің ұзақ мерзімді коммерциялық табысты қамтамасыз етуде маңызды болып табылатынына және біздің нарықтағы, жұмыс орнындағы және қоғамдағы жасайтын қарым-қатынастарымыз бен іс-қимылдарымызда көрініс табуы тиіс екендігіне деген сенімге негізделеді.

Орнықты даму саласындағы нұсқаулықпен Компанияның сайтында мына сілтеме бойынша танысуға болады: <https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/sustainabledevelopment#tab18>

Компанияда қызметкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Омбудсмен жұмыс істейді. **Омбудсмен тәуелсіз тарап болып табылады**, оның қызметінің қағидаттары тәуелсіздік, бейтараптық, әділдік және құпиялылық болып табылады. Ол корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, Компаниядағы кәсіби мінез-құлық пен іскерлік этиканың жоғары стандарттарын орнату мен дамытуға ықпал етеді.

Омбудсменнің қызметі туралы толығырақ мына сілтеме бойынша танысуға болады: <https://www.samruk-energy.kz/ru/corporate-governance/ombudsman>

Әлеуметтік тұрақтылық пен персоналды тарту көрсеткіштерін жыл сайын өлшеу қызметкерлердің адалдығы мен сенімін, персоналдың әлеуметтік әл-ауқаты мен

қатыстырылуын арттыру, еңбек жағдайлары мен персоналдың жұмысына байланысты процестерді жақсарту, коммуникация жүйелерін дамыту және кез келген өзгерістер туралы хабардар ету бойынша шараларды уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді. Компания әлеуметтік көрсеткіштерді талдау және қызметкерлердің сауалнамасы нәтижелері бойынша осы зерттеулердің барлық көрсеткіштерін қарқынды түрде арттыруға ұмтылады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, 2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша «Әлеуметтік тұрақтылық индексі» 76%-ды құрады және ол қолайлы аймақта орналасқан.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша әкімшілік-басқару персоналының қатысу индексінің көрсеткіші 2021 жылы 83%-ды құрады және 2020 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында негізгі функциясы еңбек ұжымы арасында түсіндіру жұмыстары, шағымдар мен өтініштерді қарау рәсімдері болып табылатын жұмыс берушінің және кәсіподақ қызметкерлерінің өкілдерінен тұратын Келістіру комиссиялары құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.

Компания үшін барлық сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың тыңдалуы өте маңызды. Компания өзінің беделін бағалайды және өз қызметкерлері мен стейкхолдерлерінің әдеп пен адалдықтың ең жоғары стандарттарын және заңнаманың барлық нормаларын сақтауын талап етеді.

Адам құқықтарын және құқыққа қайшы әрекеттерді болдырмау жөніндегі шараларды қорғау мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да **стейкхолдерлер үшін кері байланыс құралдары жұмыс істейді, олар адал ниетпен хабарлама қалдыратын кез келген адамды жауапты шаралардан және құдалаудан қорғауға кепілдік береді.**

Компанияға келіп түскен барлық өтініштерге қатысты туындаған мәселелерді реттеу бойынша жауап шаралар жүзеге асырылды. Өтініштердің құпиялылығы мен анонимділігі сақталды.

Стейкхолдерлердің келіп түскен өтініштерін мониторингілеу нәтижелері Компанияның Директорлар кеңесіне жеткізілді, стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл сапасын арттыру үшін ұсынымдар қалыптастырылып, шаралар әзірленді.

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметкерлерін адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша хабардар етеді, сондай-ақ қызметкерлерге адам құқықтарын сақтау бойынша жүргізілетін іс-шаралар туралы ашық ақпарат береді.

2021 жылдың нәтижелері бойынша:

- ✓ Қысымшылық көру
- ✓ Адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылу оқиғалары

тіркелген жоқ




Жедел желі

- Барлық стейкхолдерлерге арналған. Желіге анонимділік пен құпиялылықты сақтау кепілдігімен сыртқы тәуелсіз оператор қызмет көрсетеді.
- Электрондық пошта арқылы: mail@sk-hotline.kz
- 8 800 080 47 47 нөмірі бойынша
- Мына сайтта: www.sk-hotline.kz



Барлық стейкхолдерлерге арналған корпоративтік сайттағы "кері байланыс" нысаны

<https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/feedback-all>



Акционерлер мен инвесторлар үшін кері байланыс. Инвестордың сауалнамасы

<https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholders-and-investors/feedback-for-shareholders-and-investors>



Жергілікті қоғамдастықтар, мердігерлердің қызметкерлері немесе жобаға қатысы бар тұлғалар пікірлерін білдіре алатын, енгізілетін инвестициялық жобалармен байланысты тұлғалар санаттарына арналған "Кері байланыс" нысаны

<https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/feedback-all/feedback-other>



Басқарма Төрағасының блогы

<https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/chairmans-blog>



Сайтта туындайтын мәселелер бойынша байланыс деректерін көрсете отырып, өтініш қалдыру

<https://www.samruk-energy.kz/ru/company/contact>

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

3-қағидат: Іскерлік орта бірлестік еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты тануды қолдауы тиіс

4-қағидат: Іскерлік орта мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жоюды қолдауы тиіс

5-қағидат: Іскерлік орта балалар еңбегін түбегейлі жоюды қолдауы тиіс

6-қағидат: Іскерлік орта еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.

«Самұрық-Энерго» АҚ біз жүзеге асыратын қызмет әлеуметтік-экономикалық дамудың ұлттық бағдарламаларын іске асыруға, кедейшілік ауқымын қысқартуға және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға, жаңа жұмыс орындарын құруға, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жаңа жұмыс орындарын құруға, еңбек жағдайларын жақсарту мен сауықтыруға, еңбекшілердің құқықтарын қорғауға, адами әлеуетті дамытуға, гендерлік теңдікті және ана мен баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге ықпал етуі үшін ұмтылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан ратификациялаған халықаралық конвенциялар мен шарттардың стандарттарын, сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының ұсынымдарын сақтайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының аумағындағы аса ірі жұмыс берушілердің қатарына кіреді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания персоналының тізімдік саны 16 826 адамды құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ персоналының құрылымы соңғы жылдар бойы тұрақты болып қалып отыр.

Қазақстан Республикасының жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес, Компания тобының кәсіпорындары мүгедектерді, сынақтан өту қызметінің есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру туралы міндеттемелер алады.

Осылайша, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мүгедектігі бар 190 қызметкер жұмысқа орналастырылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның кадр саясаты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарын қатаң сақтауға негізделген, ол Халықаралық еңбек ұйымының негізгі ережелеріне сәйкес келеді. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бірігу еркіндігін қолдайды және қызметкерлердің ұжымдық шарттар жасасу құқықтарын мойындайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының барлық ұйымдарында еңбек қатынастарын өркениетті нығайтуға, еңбек өнімділігі мен еңбек жағдайларын жақсартуға кезең - кезеңімен қол жеткізуге, қызметкерлерге қосымша әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер белгілеуге мүмкіндік беретін құрал болып табылатын ұжымдық шарттар бар (100% қамту). Бұл ретте Компанияның ұжымдық-шарттық тетігі жыл сайын дамып, жетілдіріліп отырады. Жұмысшылардың қажеттіліктеріне уақтылы жауап беру, әлеуметтік әріптестік тараптарының мүдделерінің тепе-теңдігіне қол жеткізу – «Самұрық-Энерго» АҚ тобының кәсіподақ бірлестіктері шешетін міндет.

«Самұрық-Энерго» АҚ 2020-2022 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа қол қойды.

Ұжымдық шарт жұмыс беруші мен Компания қызметкерлері арасындағы таяудағы үш жылға арналған әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейді.

2020-2022 жылдарға арналған ұжымдық шарттың жаңа редакциясына Келісім комиссиясының қызметін, оның функционалдық міндеттері мен мүмкіндіктерін реттейтін тармақтар қосылды. Сонымен қатар, қызметкердің уақытша жұмысқа жарамсыздығы бойынша берілетін бір айлық жәрдемақы мөлшері АЕК-нің отыз еселік шамасына дейін ұлғайтылды.

Бұл құжат 2015 жылы республикалық «Парыз» конкурсының номинанттары қатарына енгендіктен еліміздегі ең үздіктердің бірі болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жымдық шартқа сәйкес үстеме жұмысқа ақы төлеу, мереке және демалыс күндеріндегі, түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төлеу, үстемеақылар мен қосымша ақылар, ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, жыл сайынғы ақылы қосымша демалыс, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, жерлеуге материалдық көмек және қызметкерлердің мерейтойына (50, 60 және 70 жас) байланысты біржолғы көтермелеу көзделген. Ұжымдық шартқа сәйкес қызметкерлерге еңбек шарты бұзылған кезде зейнеткерлікке шығуына байланысты 3 жалақы мөлшерінде өтемақы төлемі төленеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеген жағдайда өз қызметкерлерінің діни сенімдері мен саяси қалауларын құрметтейді. Сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметкерлерінің саяси, діни және қоғамдық қызметке жеке тұлғалар ретінде және жұмыстан тыс уақытта қатысуына кедергі келтірмейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша балалар еңбегі пайдаланылмайды, қызметкерлердің жасы 18 жастан кіші емес. Бос орындар бар болған жағдайда Компанияның веб-сайтында үнемі жарияланады, бұл барлық білікті үміткерлердің жұмысқа орналасуына тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді жалдаған кезде адамның еңбек ету құқығына нұқсан келтіретін жыныстық, жас ерекшеліктері, ұлттық немесе кез келген өзге де белгілер бойынша кемсітушілік жоқ.

Еңбек ұжымдарында тұрақтылықты сақтау, наразылық көңіл-күйлердің алдын алу, еңбек дауларын шешу, еңбек және еңбек қатынастарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын уақтылы қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар әлеуметтік тұрақтылық индексінің Түзету шаралары жоспарына және компаниялар тобына персоналдың тартылуына сәйкес жүргізіледі. Жоспар еңбекақы төлеуді жетілдіру және еңбекке ынталандыру, персоналды оқыту мен дамыту, жас қызметкерлерге қатысты саясат, тұрғын үй саясаты, денсаулық сақтау, еңбек және қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ бақылау іс-шараларын қамтиды. Еңбек ұжымының басшысы мен мүшелерінің кері байланысы белсенді түрде жүзеге асырылады, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау тұрақты негізде жүргізіледі.

Қызметкерлердің кәсіби, экономикалық және әлеуметтік еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін реттеу және қорғау мақсатында Компанияда 14 987 адам мүше болып табылатын 12 кәсіподақ ұйымы өз қызметін жүзеге асырады. Қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын, құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету – әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілдері болып табылатын кәсіподақ ұйымдарының негізгі қамқорлығы мен міндеті. Компанияның кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қозғайтын заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілер бойынша, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық саясат, әлеуметтік бағдарламаларды

қалыптастыру мәселелері және кәсіподақ мүшелерінің мүддесіндегі басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеуде маңызды рөл атқарады, ұйымды қайта ұйымдастыру немесе тарату нәтижесінде жұмыстан босатылған кәсіподақ мүшелерінің қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды іске асыруға қатысады, ұжымдық еңбек дауларын реттеуге қатысады. Компания кәсіподағы Компания қызметін оңтайландыру бойынша келісілген іс-шараларды өткізу кезінде шиеленісті төмендетуге ықпал етеді, Компания кәсіподағы мүшелерінің - қызметкерлердің мүдделерін еңбек заңнамасын, белгіленген әлеуметтік кепілдіктерді сақтау және шарт ережелерін орындау бөлігінде қорғайды.

Кәсіподақ ұйымдарымен қатар әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу аясында «Самұрық-Энерго» АҚ тобында тұрақты жұмыс істейтін Келісім комиссиялары құрылды.

Компания және оның ЕТҰ-лары мәжбүрлі және балалар еңбегін жоюды қолдайды. Компанияда еңбектің осы түрлерін пайдалануға байланысты қызмет жоқ.

Компания өз қызметкерлерін кемсітпейді және оқыту және даму бағдарламаларына қол жеткізу кезінде, мансаптық ілгерілеуде және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындарына жұмысқа орналасуда тең көзқарасты ұстанады.

2020 жылы Компанияда қызметкерлерді кемсітуге, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегін пайдалануға қатысты бірде-бір оқиға болған жоқ.

2021 жылдың нәтижелері бойынша:

- ✓ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК
- ✓ КЕМСІТУШІЛІК
- ✓ БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН ПАЙДАЛАНУ ОҚИҒАЛАРЫ

тіркелген жоқ



ҚОРШАҒАН ОРТА

7-қағидат: Іскерлік орта сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге қатысты көзқарасты қолдауы тиіс

8-қағидат: Іскерлік орта қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс

9-қағидат: Іскерлік орта экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесуі тиіс

«Жасыл экономикаға» көшудің жаһандық тренді, стейкхолдерлердің өсіп келе жатқан ESG-талаптары Компания алдына бір мезгілде сын-қатерлерді де, сол сияқты төмен көміртекті экономикаға көшу жолында электр энергетикасы нарығында негізгі жауапты буын болу мүмкіндігін де алға тартады. Осылайша, Компания жаңартылатын энергия көздерін дамытуға, атмосфераға шығарындыларды барынша азайтуға және экожүйені жақсартуға ықпал ете отырып, ұлттық экономика құрылымына өз үлесін қосуға ұмтылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да Компанияның Энергетикалық көшу бағдарламасының (Бағдарлама) жобасы әзірленді, оның шеңберінде 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жоспарланып отыр.

Электр энергетикасы саласының экологияға әсерінің маңыздылығын түсіне отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша мемлекеттің күш-жігерін қолдайды және осы кезеңде өзінің алдына дәстүрлі өндіру үлесін сақтау, жұмыс істеп тұрған станцияларды жаңғырту және ЖЭК жобаларын іске асыру, ең озық қолжетімді технологияларды ендіру, сондай-ақ баламалы энергетиканы дамыту арқылы қоршаған ортаға әсерді барынша азайту міндетін қояды. Бағдарламаны әзірлеу перспективті технологияларды дамыту, парниктік газдарды экожүйелермен сіңіру деңгейлері және деректерді верификациялау саласында ауқымды ғылыми зерттеулерді өрістетпейінше мүмкін емес.

Бағдарламаны іске асыру мемлекеттің экологиялық саясаты саласындағы ұзақ мерзімді сипаттағы шешімдерді келісу мен негіздеу бойынша мүдделі министрліктер мен сарапшылар қоғамдастығының құзыретін кеңейтуді талап етеді.

Экологиялық аспектіні басқару үшін Компанияда экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылған, ол корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Компаниядағы ЭМЖ-ні тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкестігін тұрақты түрде бағалап отырады және біртіндеп жетілдірілуде. Компанияның өндірістік қызметті жүзеге асыратын барлық кәсіпорындарында ISO 14001 «Экологиялық менеджмент» стандарты енгізілген.

Табиғи ортаға келтірілген залалдың алдын алу шаралары ретінде өндірістік экологиялық бақылау арқылы өндірістік процестердің тиімділігіне тұрақты экологиялық бағалау жүргізіледі. Бақылау қоршаған ортаға эмиссиялар деңгейін, зиянды өндірістік факторларды өлшеуге және есептеуге негізделген. Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз зертханаларды тарта отырып жүргізіледі. Атмосфералық ауа, жерүсті және жерасты сулары, топырақ өндірістік мониторинг объектілері болып табылады.

Бұдан басқа, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының барлық өндірістік объектілері заңнама талаптарына сәйкес міндетті экологиялық сақтандырудың және тарату қорларының болуын қамтамасыз етеді.

Компания барлық мүдделі тараптардың пікірін, сондай-ақ мынадай экологиялық басымдықтарды ескере отырып, өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде даму сценарийлерінің көп нұсқалығы негізінде басқарушылық және инвестициялық шешімдерді құрады:

1) алдын алу шараларының экологиялық жағымсыз әсерлерді жою жөніндегі шаралардан басымдығы;

2) жабдық жұмысының экологиялық залалын мейлінше азайту жөніндегі іс-шаралармен салыстырғанда ең озық қолжетімді технологияларды енгізу басымдығы.

Жаңа технологияларға да ерекше көңіл бөлінеді: ЖЭК-ті дамыту, мазутсыз тұтату және басқа да энергиялық тиімді технологиялар, оларды мамандар кезекті экологиялық және энергоаудиттер шеңберінде ұсынады. Ұлттық сарапшылардың көз жетерлік перспективада Қазақстанда электр энергетикасының дамуын қамтамасыз ететін отынның негізгі неғұрлым сенімді стратегиялық түрінің көмір рөлінің сақталуын болжайтынын ескере отырып, біз көмір химиясын және көмірді кешенді терең өңдеуді дамытуды қолдаймыз. Осы мақсатта Компания «Назарбаев Университет» АҚ-мен ынтымақтастықта «таза көмір технологиялары» ғылыми зертханасын құрды.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы энергия тиімділігін арттыруға ықпал ету үшін күш-жігерін жұмсайды. Бұл мәселедегі басым іс-шаралар ескірген электр жабдықтарын жақсарту және жаңғырту, электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және бөлу тиімділігін арттыру болып табылады.

2021 жылы Компания орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыру бойынша жұмысты жалғастырды, оған экология саласындағы бастамалар кірді: энергия тиімділігі, материалдарды, энергия мен суды тиімді пайдалану, экологиялық міндеттемелерге сәйкестік: парниктік газдар шығарындыларын азайту, атмосфераға шығарылатын маңызды ластаушы заттардың шығарындыларын азайту, қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығындар мен инвестициялар.

2021 жылы табиғатты қорғау іс-шараларының кешенді бағдарламасын іске асыру мынадай жетістіктерге әкелді:

1) ЖЭК-те және СЭС-те «таза энергия» өндірудің үлесі – «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жалпы өнім көлемінің 7,8%-ы;

2) «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша атмосфералық ауаға ластаушы заттардың үлестік шығарылымы 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4%-ға қысқарды;

3) NO_x бойынша үлестік шығарындылар 3%-ға, CO₂ үлестік шығарындылары 2%-ға, CO 8%-ға төмендеді.

4) Қоршаған табиғи ортаға залал келтірген авариялық жағдайлар жоқ.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығыстар мен инвестициялар 2021 жылы шамамен 9 млрд теңгені құрады. Қаражат әуе бассейнін қорғауға; су ресурстарын ұтымды пайдалануға; жер ресурстарын қорғауға; аумақтың санитарлық-қорғау аймағын көгалдандыруға; өндіріс қалдықтарымен жұмыс істеуге; ғылыми-зерттеу және іздестіру жұмыстары мен экологиялық оқытуға бағытталды.

Табиғи ортаны химиялық бақылау нәтижелері бойынша суда, топырақта, атмосфералық ауада шекті рұқсат етілген мәндерден асып кету фактілері тіркелген жоқ. Қоршаған ортаға әсері рұқсат етілген шектерде болады.

Табиғатты қорғау іс-шараларының кешенді бағдарламасын іске асыру Компаниялар тобы бойынша өндірілген өнім бірлігіне ластаушы заттардың үлестік шығарылуын қысқартуды қамтамасыз етті.

Компанияның көміртегі ізін азайту мақсатында Энергияға көшу бағдарламасы әзірленуде, ол мыналарды қамтиды:

1. Энергияға көшу бағдарламасын іске асыру бойынша құзыреттер орталығын құру;
2. Компанияның ағымдағы жағдайына диагностика жүргізу;
3. Аналитикалық шолуларды дайындау (Электр энергетикасы саласындағы жаңа технологиялардың барлық түрлері);
4. Халықаралық тәжірибені зерттеу (бенчмаркинг);
5. Баламалы энергия көздерін (атомдық, геотермалдық, сутектік) зерттеу;
6. Ғылыми-зерттеу институттарымен және университеттермен ынтымақтастық, ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасу және т. б.;
7. Орнықты даму саласына бағдарламалық өнімдерді ендіру мәселесін қарау;
8. Жобаларды іске асыру (қолданыстағы және перспективті) – газдандыру, ЖЭК-ті дамыту;
9. Орнықты даму саласында халықаралық рейтингке қол жеткізу.

Жаңа экологиялық кодексті енгізу шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша шығарындыларды бақылау және мониторингілеу процестері жетілдірілуде, жабдықтар жаңғыртылуда.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның таяу жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау саласындағы дамуының негізгі басым бағыттары:

1) «Самұрық-Энерго» АҚ экономикасын көміртексіздендіру, оның ішінде ЖЭК мен СЭС-те электр энергиясын өндіру үлесін ұлғайту, ЖЭК-ті пайдалана отырып, жобаларды іске асыру, таза технологияларды қолдауды жандандыру, Алматы қаласы электр энергетикасы кешенінің көмір департаменттерін газға көшіру;

2) экологиялық және экономикалық тұрғыдан ең үздік технологияларды іздеу мен енгізуді қамтитын экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету: 1-санатты кәсіпорындардағы шығарындылар көздерінде автоматтандырылған мониторинг жүйелерін орнату, ГРЭС объектілерінде шаң ұстау жүйелерін орнату, жабдықтарды жаңғырту және жаңарту, жұмыстың оңтайлы режимдерін жүргізу, ықтимал авариялық жағдайларды анықтау мен болдырмау және т. б.;

3) су ресурстарын қорғау саласындағы әсерлерді барынша азайту, оның ішінде тұщы суды тұтыну көлемін азайту, бірнеше рет және қайта пайдаланылатын су үлесін ұлғайту, сарқынды суларды ағызу көлемін және сарқынды сулардағы зиянды заттардың шоғырлануын азайту;

4) қоршаған ортаға әсерді бағалауда көзделген іс-шараларды жақсарту арқылы жануарлар мен өсімдіктер әлеміне әсерді азайту;

5) ірі тоннажды қалдықтар мен тұтыну қалдықтарын басқару саласындағы іс-шараларды жетілдіру;

6) энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бағдарламасын іске асыру;

7) экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіру.

Компания «Жасыл» экономика қағидаттарын ұстануды қамтамасыз етуді және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың іс-шаралары мен индикаторларын іске асыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

«Самұрық-Энерго» АҚ жабдықтарды жаңғырту, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде қазіргі заманғы технологияларды қолдану есебінен қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге ниеттенеді. Қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін ілгерілете

отырып, ESG саласында халықаралық рейтингтер алу арқылы кешенді тәсілді енгізу, сондай-ақ экологиялық әсерді мониторингілеу үшін цифрлық технологияларды қолдану жоспарлануда. Қазақстанның электр энергетикасы саласын дамытудың негізгі басымдықтарын ескере отырып, Компания таза көмір және басқа да ең озық қолжетімді технологияларды, сондай-ақ шығарындыларды ұстап қалу технологияларын дамытуға және қолдануға ұмтылатын болады.

2021 жылдың нәтижелері бойынша:

- ✓ Қоршаған ортаны қорғау аясында жоспарланған іс-шаралар орындалды

150%



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

10-қағидат: Іскерлік орта сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруға тиіс.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы комплаенс жүйесін жетілдіре отырып, сыбайлас жемқорлықтың барлық түріне қарсы тұрады.

Реттеуші органдардың ұсынымдарын сақтай отырып және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс корпоративтік бағдарламаларын дамыту саласындағы үздік халықаралық тәжірибені зерттей отырып, Компания мынадай қағидаттарға негізделген өзінің ұстанымын қалыптастырды:

- Комплаенс жүйесін дамытуға басшылық тарапынан белсенді қатысу және қолдау көрсету. Компанияның Директорлар кеңесі комплаенс бағдарламасын іске асыру туралы есептерді мерзімді негізде қарайды.
- Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және кейіннен өзектендіру бойынша үнемі іс-шаралар өткізеді.
- Компания анықталған тәуекелдердің деңгейі мен сипатына жауап беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл рәсімдерін әзірлейді және енгізеді, ішкі саясат пен рәсімдерді жетілдіріп, өзектендіреді.
- Компания қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестік қағидаттары мен стандарттары бойынша оқыту бағдарламасын іске асырады және қолдайды.
- Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша енгізілген рәсімдердің тиімділігіне мониторинг жүргізеді.
- Компанияны сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту мақсатында Компанияда контрагенттерге қатысты да, сондай-ақ жеке тұлғаларға қатысты да сенімділікке тексеру (Due diligence) рәсімдері әзірленді.
- Компанияда бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мерзімді бағалау жүргізіледі.

Компаниямен жұмыс істейтін іскерлік серіктестерге, өнім берушілерге және басқа да үшінші тұлғаларға Мінез-құлық кодексінің ережелерін қолдану үшін үлгілік шаруашылық шарттарға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер» нормалары енгізілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері үшін тұрақты негізде комплаенс саясатында және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларда қабылданған талаптарды түсіндіру бойынша оқыту іс-шаралары жүргізіледі.

2021 жылы компаниялар тобы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізілді. Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және мейлінше азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. 2021 жылдың нәтижелері бойынша барлық іс-шаралар белгіленген мерзімде толық көлемде орындалуда.

Компанияда Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты жұмыс істейді. Құжат қызметкерлердің, сондай-ақ өзге де тұлғалардың «Самұрық-Энерго» АҚ-ның алаяқтық және сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің кез келген түрлері мен көріністері туралы бірыңғай түсінігін қалыптастыру, сондай-ақ алаяқтық тәуекелін барынша азайту

және «Самұрық-Энерго» АҚ-ны сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту мақсатында әзірленді.

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының барлық қызметкерлері Мінез-құлық кодексінің талаптарымен, Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатпен 100% таныстырылды, сондай-ақ қызметкерлерге тестілеу жүргізілді.


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет шеңберінде 2021 жылдың маңызды оқиғаларының бірі «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының ұйымдық құрылымына комплаенс офицерлер лауазымын енгізу болып табылады. Осылайша, барлық ЕТҰ-ларға 2021 жыл ішінде комплаенс офицерлер енгізілді, олар кәсіпорындарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер туралы, салықтық декларациялау туралы, жедел желі жұмысының тәртібі туралы түсіндіре отырып, 50-ден астам оқыту іс-шараларын өткізді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бопсалаушылық пен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы іс-қимыл жасау қағидасын ұстанатындығын растайды.

2021 жылдың нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында сыбайлас жемқорлық жағдайының бір фактісі тіркелді.

2021 жылдың нәтижелері бойынша

- ✓ Мінез-құлық кодексі мен Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат кодексін білу деңгейі



100%

2021 жылдың нәтижелері бойынша

- ✓ Мінез-құлық кодексі мен Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат кодексін білу деңгейі



«Самұрық-Энерго» АҚ

Мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 15А,
Б блогы, «Q» бизнес орталығы

Тел.: +7(7172) 55-30-20

Веб-сайт: www.samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» АҚ

Мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 15А,
Б блогы, «Q» бизнес орталығы